



### ЫҚПАЛДЫ ҰЙЫМДАР ДӘУІРІ:

Қазақ елінің жаңа заманында

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №31 (6709) 31 наурыз, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

### ӘКІМ

# «ЕРЕЖЕ САҚТАЛМАСА, ТӘРТІП БОЛМАЙДЫ»

Қала басшысы жол қауіпсіздігін күшейтуді тапсырды

**А**лматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру және көше жол желісінің жай-күйін жақсарту мәселелері бойынша аппараттық кеңес өткізді.

Қала әкімі жыл сайын автокөлік санының артып, жол инфрақұрылымына түсетін жүктеменің көбейіп келе жатқанын атап өтті. Осыған байланысты қалада жүргінші қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу шараларын күшейту қажеттігі айтылды.

Дархан Сатыбалды 21 наурыз әл-Фараби даңғылында болған жол-көлік оқиғасында қаза тапқандардың жақындарына көңіл айтып, бұл жағдай жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жүйелі түрде күшейтудің және полиция тарапынан бақылауды арттырудың маңызын айқын көрсеткенін атап өтті.

3



### ТУРИЗМ

# ЖАҢА ТУРИСТІК НЫСАН

Алматы тауларында «Бұтақты» визит-орталығы ашылды

*Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі биыл 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Айтулы датаға орай Бутаковка шатқалында жаңа «Бұтақты» визит-орталығы іске қосылды.*



3



www.aqshamnews.kz





## ГЕОСАЯСАТ

## ЫҚПАЛДЫ ҰЙЫМДАР ДӘУІРІ:

## Қазақ елінің жаңа заманында

**Осыған ұқсас тақырыпта «Алматы ақшамына» жарияланған бұрнағы сөзімізде қазақ елінің кейбір маңызды геосаяси, геэкономика бағытындағы қадамдарының маңызды мәніне тоқталған едік. Енді бізді сол қадамдарға итермелеген жаһандық жағдаятты шолуға тура келеді.**

**Геосаяси құрылым – байырғы басқыншыл ықпалдағы жаңа үстемдік, жаңа бейнеде көрініс табатын іргелі құбылыс. Талас-тартыс аясында басқаның жерін әскери күшпен тартып алу немесе қорғау, қорғану сынды қисындардың тағанында жатқан мағына. Сонымен қатар, экономикалық зорлықпен жасалатын геосаяси ойын да ежелден бар. Ең қатерлісі жаңа технология, электроәлемнің ықпалымен өзгенің экономикалық өрлеуін күшпен бақылауға алу.**

## Тарихи үдерістер

Бағзыдан келе жатқан үдеріс XIX ғасыр басында қарқын алса, ал XX ғасырдағы жаңа реалды геосаяси ойынның жаңаша нұсқасы XXI ғасырға да келді. Ал бүгінгі геосаясаттың белгілері су жаңа экономикалық қысым көрсету, түрлі технологиялық бақылау қою, үстемдік мақсатында әскери күш енгізу (тартып алу) және қорғау (оның өзі саяси қоғамдық мүддеге сәйкес) механизмдерінен көрінеді.

Бұл геосаяси атаудың түп негізін салушы немістің географы Фридрих Ратцель (Friedrich Ratzel 18944-1886). Оның «Саяси география» (1897) еңбегі халықаралық қатынастар тарихындағы айтулы жазба саналады. Қазақ елімен шекаралас Ресейдің геосаяси ауқымы Ұлы Пётр I (1672–1725) тұсынан басталады. Еуразия құрлығына қарай көз салған 1721 жылдардан осынау геосаяси үдерістер барынша қарқын алса керек. 1812 жылы Александр I әйгілі Наполеон Бонапартты тұқыржылатқан тұста аталмыш үдеріс тура жалғасып жатты. Кейін Риббентроп пактісі (1939) бойынша Кеңес тарапы баяғы Ресейдің Бірінші дүниежүзілік соғыста айырылған жерлерін қайтарып алуға және қосымша келісім бойынша – Еуропаның орталық аймақтарын бөлісуге Балтық елдеріне деген өз мүдделерін әбден бағыттап айқындаған-ды. Алайда, өткен 1941 жылы немістердің Кеңес Одағына қарай шабуылдауынан бұл геосаяси ойын уақытша доғарылған.

Қалай дегенмен де, 1945 жылға дейін күшті жалғасқан Кеңестік геосаяси ойындар ірі державалардың өзінше «жемісін берген» өтпелі кезеңде нәтижелі болған әрекеттер.

## Жеке жүйе күйрегеннен кейінгі геосаясат

Демек, 1991 жылы Варшава келісімі құлатылды. Қазақстан секілді 15 республика өз туларын желбіретті. Әлем түгелімен коммунизм елесінен ептеп арыла бастады. Алайда, XXI ғасырда да геосаяси ахуал өз әрекетімен жалғасып жатыр. Мұны Кеңес Одағына қарасты елдердің шекара шебіндегі көрініс беріп жатқан түрлі оқиғалардан байқауға болады. Ресейдің Украинаға қарсы бағытталған «арнайы әскери әрекет» және бұрынғы Кеңестік шеңберден шыққан елдердің НАТО-ға қарай ойысып кетулеріне барынша шектеу қоюы Еуроодағына (1993) қатысты геосаяси жағдаят. Еуропалық одақ деген ірі құрылым геосаяси ықпалын құлдыратпай ұстауға ұмтылуы да осы геосаяси ойынның бірегей дәлелі. Осылайша Шығыс Еуропа түгелдей геосаяси ойынның алаңына айналып шыға келді.

Құрлықтағы немесе мұхиттағы аса



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

стратегиялық алаңдарына таласатын геосаяси тартыстар тегіннен бар-ды. Енді ол түйіндер әлі де немен аяқталары да, қалай шешілері де беймәлім. Шойын жолдар жүйесі (торабы) және мұнай газ құбырларының толассыз ағысы тұтастай бүгінгі таңдағы ғаламдық геосаяси жағдаяттарға себепші болып алды.

АҚШ президенті Трамп мұны жуырда Еуропа қуат көздерінің дағдарысының бастауы деп ескерткен-ді. Оған қоса, ядролық қару-жарақтың күрт өсуі өрескел күшті геосаяси ахуалды өмірге әкелді. Дональд Трамп Иранның ядролық нысандарын жойғанын мақтан етеді. Бірақ та Иранның бүгінгі саяси жағдайы ең күрделі де күйзелісті күйге түскені анық.

## Николас Мадуроның есірткі картелі болды ма?

Тарих ешнәрсені ұмытқан емес. Николас Мадуроның жағдайы Панаманың «диктаторы» деген лақаппен атанып, 1989 жылы АҚШ әскерінің күшімен түрмеге тоғытылып, Америка мен Франция түрмелерінде 22 жыл қамалған Мануэль Нореге (Manuel Antonio Noriega Moreno 1934–2017) қасіретінің жалғасы емес пе!

Мұнайдың бағасына бақылау қою үшін орнаған ОПЕК-тің көшбасында Венесуэла тұрды. Мінеки, осы 303,5 млрд. баррель мұнай қоры бар елге жасалып жатқан әрекеттердің себеп-салдарын есалаң да түсінеді... Дейтүрғанмен, атағы жер жарған мұнайлы Каракас әшкере кедейленген ел екені тағы да даусыз. Бірақ біреулер біреудің қазанына тегін ас салып бере ме? Тегін ірімшік тек қақпанда ғана болмаушы ма еді?!

АҚШ өткен жылдары бұл елдегі наркотерроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатерін тізгіндеу үшін есткертү жасап келгені жәй ғана сигнал болды ма екен. АҚШ-тың бұл реткі геосаяси әрекеті баяғы 1823 жылғы президент Джеймс Монро (James Monroe 1758–1831) ұсынған әйгілі Монро доктринасының (Monroe doctrine) жалғасы болуы керек... Рейган доктринасы да осы авторитаризмге қарсы жалғастырылды. Бұл туралы атақты дипломат Марк Палмер (1941–2013) кең көлемде посттоталитарлық ауандағы жағдаяттар бойынша аналитикалық еңбектер жазды.

## Мұз бүркенген Гренландия

Ендігі кезекте геосаяси қыспақта қалған – Дания корольдігіне бағынышты Гренландия аралы. 57 мың ғана

халқы, қазба байлықтары, сирек кені өте мол. Егер АҚШ осы аралға иелік етсе, болашақта сирек кездесетін металдар саудасы жағынан Қытайды ауыздықтай алары сөзсіз. Бұл туралы соңғы 7 жыл бойы «Make America Great Again» ұранын қайталауда. Дональд Трамп егер Гренландияны сатып алуға келіссе, әр адамға миллиондаған доллар санап бермекші. Әскери күш қолдануы да жаза емес. Трамп 2025 жылы аралды АҚШ-тың иелігі етуге ұмтылған.

Сәл шегініс жасап көрелік, Американың геосаяси ойындары Кубаны 1898 жылдан басып алды, 1902 жылға шейін экономикасын бақылады. Бұдан кейін тағы да Исландияны 1868 жылдары сатып алуға әрекет етті. Бұдан кейін Карриб теңізіндегі Доминикан Республикасын 1869 жылы алмақшы болды. Ал одан Панаманы 1903 жылы Колумбиядан тартып алды да, Екінші дүниежүзілік соғыста АҚШ әскери базасын осы жерге орнатқан еді. Колумбия болса әлемдегі ең күрделі де қатерлі есірткі саудасының орталығына айналған ел.

## Қытайдың әрекеттері

Қытайдың Венесуэлаға 569,5 млн. инвестиция салуы да, 60–100 млрд. АҚШ долларының қарызын бергені де АҚШ-қа ұнамады... Ресей де қаншама қару-жарақтар берді. Бұрындары ірі елдер кіші елдердің байлығын тура тартып алатын болса, бүгіндері қарызға батыру арқылы мәжбүрлеп сатып алатын геосаяси үрдісті қолданып жүр. Алайда, дәл бүгінгі таңда Қытайдың геосаяси үдерісі кешегідей АҚШ-тың ығына жығыла беруден мүлде басқа сезімтал тәсілге көшкен.

Қытай – әлемде мобилизациялық мүмкіндігіне, киберқабілетіне баса назар аударатын заманауи ірі қауқарлы ел. Әскери бюджеттерін әр жыл сайын қисапсыз мөлшерде толықтырып, ұлғайтумен қатар заманауи флоттар, әуе күштеріне ерекше жаңа технологиялық жаңғыртулар енгізеді.

Бейжің жұмсақ күшімен сырт көзге Тайваньға – бейбіт бірігу, мәмілелі диалог ұсынғанымен, оған қоса әскери қысымды да қоса ескертуден шегінбей отыр. Бейжің үшін Тайвань төңірегіндегі жағдай Азия Тынық Мұхит аймағындағы ең күрделі геосаяси түйін күйінде қалуда. Ал Гонконгтегі саяси өзгерістер мәселесі тағы да тым оңай шешілетін іс емес тәрізді. Гонконг, Тибет, Тайвань, Корея түбегіне қарай бағытталған Қытайдың соңғы кездегі геосаяси әрекеттерінің түпкі стратегиялық мақсат мүддесі болашақта Қытайдың оңтүстік теңіз

аймағын ( (nan hai/нан) хай) қалай уысында ұстауға бейімделуінде болса керек. Жалпылай дәл осы мезеттегі АҚШ пен Қытайдың экономикалық байланысы бірінсіз екіншісінің күні тым күрделі болатынын және бірінсіз екіншісінің мүддесі сәйкесе кететінін де алдын ала болжап сезіне бастады.

## «Болашақ бүгіннен басталғандай...»

Қазақстан 2017-2018 Орталық Азия елдері арасынан көп (векторлы) қырлы сыртқы геосаясатын ұтымды түрде үдетті

не де көтерілген-ді. Сонымен қатар, Қазақстан МАГАТЭ-нің бірегей сеніміне де ие болды. Енді мінеки, әлемдік толқындар арасында өтпелі кезеңдерден өтіп келе жатқан еліміздің иерархиялық шебер жүйеленуін көреміз. Жуырда ғана Азия Тынық Мұхит Аумағы (АТМА) интеграциясы БРИКС құрамында бөлек банк өзгеше валюта қорын жинақтау, ақпараттық қауіпсіздік, энергетикалық ірі әріптестік ауқымдарында жиі-жиі саммиттерді де суыт ұйымдастырып келді.

Американды Washington Post газетінің журналисі, саясаткер Роберт Каган (Кейган Robert Kagan) Қазақстан – геосаяси геэкономикалық аралық аймақ, көпвекторлы стратегиясына ие деп көреді. Оның сараптамасы бойынша Еуропа, Ресей, Қытаймен бір мезгілде ынтымақтасуы – мәжбүрлі прагматизм тепе-теңдікті сақтайтын мемлекет ретінде бағалайды... Сол тұрғыда Ресей мен Қытайдың геосаяси үдерісіне әзірге Орта Азиядағы «бес стан» маңызды. Қазақстан Кіндік Азия елдерінен әлемдік 50 экономикалық әлеуетті деңгейге шыққанын «Visua caripalist» сайтындағы Халықаралық Валюта Қоры базасынан көруге болады. Сонымен қатар, ІЖӨ орташа өсім көрсеткіші бойынша алдағы 5-орынға көтерілуі де бұған дәлел.

Дональд Трамп Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты G20 саммитіне шақырды. Саммит барысында мемлекет басшылары жаһандық экономиканы дамыту, қаржы тұрақтылығы, халықаралық қауіпсіздік, климаттың өзгеруі, энергетика және өзге де өзекті мәселелерді талқылайды. АҚШ, Қытай, Ресей, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Канада, Жапония, Үндістан, Бразилия, Мексика, Аргентина, Австралия, Оңтүстік Корея, Индонезия, Түркия, Сауд Арабиясы, ОАР және Еуропалық одақ елдерінің серкелері бас қосатын ұлы жиын осы.

Жаңа Конституцияда бекітілгендей, табиғи ресурстардың барлығы халықтың қалауымен, олардың дербес егелігіне қарай ауысуы күн тәртібінде тұр. Халықтың бағзы бағына ғасырлар бойы сақталып келген, бабадан қалған байлық пен мұрасын, игілікке жарату үшін мемлекет тұрады. Халықтың байлығын рәсуа етуге ешкімнің құқығы болмауы керек.

Сұраған РАХМЕТҰЛЫ,  
тарих ғылымының кандидаты



ӘКІМ

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласы Полиция департаментінің бастығы Айдын Қабдолдиновтың мәліметінше, жол-көлік оқиғаларының негізгі себебі – жол қозғалысы ережесін бұзу. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тәулігіне 270 патрульдік экипаж қызмет атқарады. Қалада 9415 камераны біріктіретін 1641 «Сергек» кешені жұмыс істейді. Алматыдағы жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім-жітім деңгейі ел бойынша ең төмен көрсеткіштердің бірі болып отыр.

«Бір ғана адамның өмірі қиылса да, құрғақ статистиканың мәні жоқ. Жол мен тротуарлардағы қауіпсіздік біздің басты басымдығымыз. Инфрақұрылымды жақсарту және цифрлық шешімдерді енгізу жұмыстарын жалғастырамыз. Алайда, ереже сақталмаса, тәртіп болмайды. Полиция барлық құқық бұзушылық бойынша көлікті тұраққа дұрыс қоймаудан өрескел әрекеттерге дейін бақылауды күшейтіп, қатаң шаралар қабылдауға тиіс», – деді Дархан Сатыбалды.

Кеңесте сондай-ақ, көше жол желісін алдағы жөндеу мәселесі қаралды.

Биыл орташа жөндеу жұмыстары жалпы ұзындығы 290,2 шақырым болатын 360 көшені, оның ішінде 40,9 ша-

# «ЕРЕЖЕ САҚТАЛМАСА, ТӘРТІП БОЛМАЙДЫ»

## Қала басшысы жол қауіпсіздігін күшейтуді тапсырды



қырым 17 магистральды көшені қамтиды. Магистральды көшелердегі орташа жөндеу жұмыстары жаз мезгілінде жүргізіледі.

Қалалық жол инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Олжас

Шабдановтың айтуынша, наурыз айының ортасынан бастап ағымдағы жөндеу және ақауларды жою жұмыстары басталды. Атап айтқанда, жол құдықтарының қақпағы мен жаңбыр суын қабылдау құрылғыларының шөгуге, қо-

ғамдық көлік жолақтарындағы ойықтың пайда болуы, сондай-ақ инженерлік желілерді жүргізгеннен кейінгі жол жабынының бұзылуы ретке келтірілуде.

Сонымен қатар, Биыл Алатау ауданының көше-жол желісіне ерекше назар аударылады. Мұнда жол құрылысы және орташа жөндеу аясында ұзындығы 121,9 шақырым болатын 304 көшені қамту жоспарланған.

«Жыл сайын жол жөндеуге қомақты қаражат бөлінеді. Алайда, қыс мезгілінен кейінгі жағдайды тұрғындар орынды түрде сынап отыр. Мердігер ұйымдармен нақты әрі талаппен жұмыс жүргізу қажет. Міндеттемелерін сапасыз орындаған компаниялар қаладағы жұмыстарға араласпайды. Жөндеу учаскелері кедергі жолағына айналмауға тиіс – жұмыс дұрыс ұйымдастырылуы керек. Жалпы, жол белгілері, бағдарламалар, жүргіншілер өткелі, жол таңбалары, көпір мен жолайқытардың барлығы тиісті талапқа сай болуға тиіс. Қаланы жүйелі түрде аралап, жұмыстардың барысын жеке бақылауда ұстаймын», – деп сөзін қорытындылады Дархан Сатыбалды.

## ЖАҢА ТУРИСТІК НЫСАН

### Алматы тауларында «Бұтақты» визит-орталығы ашылды

(Басы 1-бетте)

Экотуризмді дамытып, табиғат аясындағы демалысты жаңа деңгейге шығаратын ірі жобаны «Туранга Групп» ЖШС Іле Алатауы ұлттық саябағымен бірлесіп, Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырды. Нысан ұлттық саябақтың 30 жылдығы аясында пайдалануға беріліп, туристік инфрақұрылымды дамытуға, қызмет көрсету сапасын арттыруға және келушілер үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Визит-орталығы аумағында заманауи қоғамдық дәретханалар, тамақтану орны, тимбилдинг пен шеберлік сабақтарын өткізуге арналған аймақтар, сондай-ақ мектеп оқушыларына, мемлекеттік және жеке топтарға арналған ашық аспан астындағы білім беру және мәдени бағдарламаларға арналған кеңістіктер қарастырылған. Орталықта ұлттық саябақтың жаңа топтамасындағы кәдесый өнімдері мен фирмалық тауарлары ұсынылған. Сонымен қатар, келушілерге ыңғайлы болу үшін жаңартылған навигация және аумақты брендтеу элементтері енгізілген, бұл табиғи саябақты кеңінен танытуға бағытталған.

Жаңа «Бұтақты» визит орталығы экологиялық ағарту, мәдени және білім беру іс-шараларын, эко-белсенділіктерді, шеберлік сабақтарын және тимбилдингтерді өткізуге арналған заманауи алаңға айналады. Бұл тұрақты туризмді дамытуға және Алматы тұрғындары мен қонақтары арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Экологиялық туризмді дамыту Алматы қаласы Туризм басқармасының басым бағыттарының бірі болып қала береді. Мамандар келушілерді табиғатты қорғап, ұлттық саябақ аумағында тазалық сақтауға шақырады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

«WORLD SKILLS ALMATY 2026»

## ЧЕМПИОНДАР АНЫҚТАЛДЫ

**Жылдың айтулы оқиғаларының бірі, қаладағы кәсіби шеберліктің додасы «WorldSkills Almaty – 2026» XI өңірлік байқауы өз мәресіне жетті. Оқушылар сарайында чемпионат жеңімпаздарын марапаттаған салтанатты іс-шара өтті. Алматы қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен бұл іс-шара Мемлекет басшысы жариялаған Жасанды интеллект және цифрландыру жылы аясында өткізіліп отыр.**

Рая  
ЕСКЕНДІР

Байқау жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға және жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталды. Ауқымды іс-шара қаламыздағы «Атакент» көрме орталығында бастау алып, өзге де колледждердің базасында өткізілген болатын. Онда колледждердің 470 студенті 57 құзыреттілік бойынша бақ сынады. Қатысушылар өндірістік жағдайларға барынша жақын ортада нақты тапсырмаларды орындап, өздерінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін көрсетті.

Байқау барысында заманауи технологияларды меңгеру, еңбек өнімділігі, сапа стандарттарын сақтау және шығармашылық тәсілдер басты назарға алынды. Үш күнге созылған жарыс қорытындысы нағыз шеберлерді анықтап шықты. Шеберлік шыңын бағындырғандар 75 алтын, 89 күміс, 71 қола медальға ие болса, 77 қатысушы кәсіпқойлығы үшін медальдармен марапатталды. Үздіктер арасынан 45 студент

Астанада өтетін «WorldSkills Kazakhstan 2026» ұлттық чемпионатында Алматының намысын қорғау құқығына ие болды.

Қалалық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сәкен Аралбаев марапаттау салтанатында чемпионаттың барлық кәсіби білім беру жүйесі үшін маңыздылығын айта келе, былай деді:

– Бұл әлеуметтік жоба еліміз бен қоғам үшін өте маңызды, өйткені ол орта және арнаулы оқу орындарының түлектері арасындағы үздіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, 2026 жылғы чемпионат WorldSkills еуропалық стандарттарына толық сәйкес келіп отыр. Ал осынау доданы өткізу мемлекеттік органдардың, жұмыс берушілер мен сарапшылар қоғамдастығының үйлесімді жұмысының нәтижесі болды, – деді.

Қаламыздағы WorldSkills Almaty – 2026 XI өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты ақпараттық технологиялар мен құрылыстан бастап аспаздық, дизайн және білім беруге дейінгі жеті негізгі бағытты қамтыды. Сондай-ақ, бағдар-

ламаға алғаш рет «Шатыр жұмыстары» және «Құтқару жұмыстары» құзыреттері енгізілді. Байқауға қатысушылардың шеберлігін бағалау үшін 500-ден астам сертификатталған сарапшылар тартылса, олардың 30%-дан астамы нақты бизнес пен салалық кәсіпорындардың өкілдері, яғни жұмыс берушілер бағалаушы ретінде қатысты. Бағалау CIS цифрлық жүйесі арқылы жүргізілді, бұл нәтижелердің ашықтығын қамтамасыз етті.

Жеңімпаздар қатарында Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің бірінші курс студенті Фирдауси Нұржанова да бар. Оның айтуынша жарыс бағдарламасына бес модуль кірген көрінеді. Айталық, бірінші күні қатысушылар кишпен бағет, екінші күні жапондық шоколад наны мен круассан әзірледі, үшіншісі қамырдан жасалған арт-бұйымға арналды.

– Байқауда жеңімпаз атанғаным қуаныштымын. Жарысқа барынша мұқият дайындалған едім. Енді Астанада өтетін республикалық чемпионатта қаламыздың намысын қорғамақпын, бұл мен үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік, – дейді жеңімпаз.

Сонымен, өңірлік кезеңнің жеңімпаздары Алматы құрамасына кіріп, қаламызды ұлттық біріншілікте таныстыратын болады. Сәтін салса, олардың үздіктері болашақта Қазақстан құрамасы қатарында WorldSkills әлем чемпионатына қатысады.





## БРИФИНГ

## ХАЛЫҚҚА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

Алатау ауданының әкімі жұмыс нәтижесін жариялады

**Алатау ауданының әкімі Данияр Қырықбаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында биылғы бірінші тоқсандағы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын жариялады. Ол аудандағы ірі жобалардың қалай жүзеге асып жатқанын айтып берді.**

Дана  
САДЫРҚАН

## Тұрақты экономикалық өсім

Биылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке 45,9 млрд. теңге түскен, бұл жылдық жоспардың 32%-ы. Былтырғы кезеңмен салыстырғанда, 122%-ға артып, 8,3 млрд. теңгеге жеткен. Республикалық бюджетке 17,1 млрд. теңге, жергілікті бюджетке 28,8 млрд. теңге түскен.

Өнеркәсіп саласында да едәуір өсім бар. Қаңтар-ақпан айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 212,6 млрд. теңге болды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 81,9 млрд. теңгеге артық немесе 62,6%-ға өскенін көрсетеді. Ауданның қаланың жалпы өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 37,1%-ға жеткен.

## Жол – басты назарда

Алатау ауданындағы тұрғындарды мазалайтын мәселе – инфрақұрылым. Әкімнің айтуынша, инженерлік және жол инфрақұрылымын жан-жақты дамыту жұмысы жалғасып жатыр. Биыл 136 шақырым болатын су құбыры мен көріз желісі аяқталады. Әрі ондаған шақырымға жететін жаңа жолдардың құрылысы басталды.

«Аудан дамуының негізгі қағидатының бірі – қаланың полицентрлік моделін жүзеге асыру. Біз барлық шағын-

ауданда өмір сүру сапасын тең деңгейде қамтамасыз ету үшін инженерлік және көлік инфрақұрылымын жүйелі түрде дамытып жатырмыз. Бұл ауданды одан әрі өсіре түседі», – деді әкім.

Әсіресе, бұрын облыс құрамынан қосылған шағынаудандарда жол инфрақұрылымы қарқынды дамып жатыр. Мәселен, биыл «Боралдай», «Теректі» мен «Рахат-Мәдениет» шағынауданында жалпы ұзындығы 78,3 шақырым болатын жаңа жолдың құрылысы басталды. Сондай-ақ, Рысқұлов даңғылының 2,3 шақырым, Саин көшесінің 3,2 шақырым және Тілендиев көшесінің 10,5 шақырымдық бөлігін салу жобасы қолға алынды.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



## Білім мен медицинаның бірегей жобалары

«Биылғы бірінші тоқсанда «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 3200 орынды екі мектептің, сондай-ақ «Зерделі» шағынауданында 550 орынды мектеп салынып бітеді. Оларды жаңа оқу жылының басында ашпақпыз. Бұл

оқушы орындарының тапшылығын азайтып, сапалы білімге қолжетімділікті арттыру үшін істелген ең маңызды шағура», – деді әкім.

Оның айтуынша, ауданда спорттық-білім беру инфрақұрылымы да қарқынды дамып келеді. «Саялы» шағынауданында құны 11,6 млрд. теңге болатын екінші Инновациялық шығармашылық орталығы да салынып жатыр, биыл пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар, «Алғабас» шағынауданында 720 орынды инновациялық техникалық колледжді де осымен қатар салынып жатыр, оны биылғы шілде айында салып бітпекші.

Денсаулық сақтау жүйесін дамытуға да айтарлықтай көңіл бөлінді. «Саялы» шағынауданында құны 2,1 млрд. теңге болатын бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталығының құрылысы аяқталып, ол мамыр айында ашылмақ. Сонымен қатар, 300 орынды көпсалалы аурухана мен 200 орынды перинаталдық орталық салу көзделген.

## Әлеуметтік жобалар

Ауданда бес әлеуметтік жоба жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында «Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығы, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы, «Тең қоғам» мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау орталығы, дәстүрлі қолөнерді дамыту мен «Шыңға өрлеу» білім беру жобасы бар. Бұл бастамалардың жалпы бюджеті 203,6 млн. теңге болды.

Жыл басынан бері 307 отбасынан 2025 адамға 61,2 млн. теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді, ал 1301 адамға 100,3 млн. теңге көлемінде біржолғы төлем берілді. Сондай-ақ, 2614 мүгедектігі бар адам оңалту қызметімен және техникалық құралдармен қамтамасыз етілді. Ал тұрғын үй көмегі 57 отбасына 9,6 млн. теңге көлемінде көрсетіліп, 40 анаға «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» мемлекеттік наградасы табыс етілген.

## МЕДЕУ АУДАНЫ

## Ардагерлер кеңесінің есептік конференциясы өтті

**Алматыда Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Абай университетінде өткен конференцияға қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасы Ақан Бижанов бастаған делегаттар, Медеу аудандық әкімдігі мен БАҚ өкілдері қатысты.**

Нұрлан  
СҮЙІН

Конференция өз жұмысын президиум, есеп комиссиясы, басқа да органдарды дауысқа салып сайлаумен бастады. Онан соң Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі төрағасы Алмас Тілеубаев атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар жайында баяндама жасады. Баяндамада мегаполистің көне аудандарының бірі жайлы көп мағлұмат берілді.

Медеу – мегаполистің отыз пайыздай аумағын қамтыған ірі аудандардың бірі. Аудан зейнеткерлерінің саны 31 мың 920 кісі. Оның ішінде ҰОС-на қатысқан үш майдангер де бар.

Аудан ардагерлерінің ерекше атап өтетін мерекесі – Халықаралық Қарттар күні. Көп жерде Қарттар күні бір-ақ күн аталса, Алматыда қарттарға құрмет бір айға созылады. Осы айда үлкендеріміз құрмет көріп, көптеген іс-шараларға қатысады.

Қазір Медеу аудандық ардагерлер кеңесі 32 округке бөлінген. Әр округ зейнеткерлері өз аймағында көп жұмыстар атқарып, жас ұрпақ тәрбиесіне үлес қосуда. «Белсенді ұзақ өмір сүру»

орталығы жұмыс істейді. Орталықтар өте белсенді жұмыс атқаруда. Мегаполисте ардагерлер арасында өткізілетін спорттық шаралардың тұрақты қатысушысы. Осы жылдың қаңтар айында Қазақстан-Қытай бірлескен жобасы аясында Сямин қаласында «Бір белдеу – бір жол» фестивалі өтіп, Медеу ауданы ардагерлерінің «Думан сазы» ансамблі 1-орын иеленді.

Жалпы, аудан ардагерлері қаланың қоғамдық өміріне белсенді араласып, аға буынның үлгісін көрсетіп келеді. Әрі Медеу аудандық әкімдікпен, қалалық қоғамдық кеңеспен, қалалық Ардагерлер кеңесімен және қалалық мәслихатпен тұрақты байланыс орнатқан. Аудан ардагерлерімен араға дәнекерлік етіп, демеуші боп жүрген мәслихат депутаты М.Өтемісовке алғыстарын да жеткізді.

Биыл – Медеу ауданының 90 жылдығы. Осыған орай аудан әкімдігі және аудан тұрғындарымен қатар Ардагерлер кеңесі де мерейтойдың қызу дайындығына кіріскен. Бұл бағыттағы жұмыстар да баяндамашы есебінде жан-жақты жеткізілді.

Конференция жұмысын жалғастырып, бірнеше делегатқа, аудан әкімдігі өкіліне сөз берді. Жарысөзге шыққандар баяндамашының есебіне «қанағаттанарлық» деген баға берді. Конференцияда Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасы А.Бижанов сөз алып, аудандық кеңес жұмысына ризашылығын жеткізді. Жиын аудандық Ардагерлер кеңесі алқасын сайлап, өз жұмысын аяқтады.

## ӘЛЕУМЕТ

**Алматы қаласының Отбасын қолдау орталығы цифрлық шешімдерді қарқынды енгізіп жатыр. Мәселен, әлеуметтік көмек көрсетудің FSM Social интеграцияланған жүйесі аясында 3641 маман оқытудан өткен. Бұл мекемелерлік өзара іс-қимылдың тиімділігін арттырып, дағдарысқа тап болған отбасыларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік берген. Жалпы, орталық Алматыдағы әлеуметтік қолдау жүйесінің маңызды буыны саналады және қиын жағдайға тап болған отбасылар мен азаматтарға кешенді көмек көрсетеді.**

## Барлық отбасын қолдауға әзір

Нұржамал  
ӘЛІШ

«Біздің міндет – тек туындаған мәселелерге жауап беру ғана емес, олардың алдын алу. Біз мекемелерлік өзара іс-қимылды жолға қойып, отбасыларды жағдайы толық түзеліп кеткенше сүйемелдейміз. Былтыр орталық 1341 өтінішті қарап, оның 1283-і нақты шешімін тапты. Жұмыс аясында 1566 мемлекеттік қолдау іс-шарасы көрсетілді. Ал осы жылдың басынан бері орталықтың түрлі қызметі 302 адамды қамтыған. Олардың ішінде психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек те бар», – дейді Алматы қаласының Отбасын қолдау орталығы директорының міндетін атқарушы Ақмолжан Зарипов.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалада білім беру, денсаулық сақтау мен құқық қорғау саласының өкілдері қатыса-

тын көшпелі жедел топтар да жұмыс істейтіні айтылды. Бұдан бөлек, зорлық-зомбылықтың, буллингтің, сталкингтің алдын алу мәселесі бойынша дәрістер, тренингтер және студенттер мен мамандарға арналған кездесулер өте бастаған.

Спикер отбасыларды сақтап, балаларды ата-анасына қайтаруға көмектесіп жатқанын да тілге тиек етті. Оларға көмек көрсетіп қана қоймай, отбасылық байланысты да қалпына келтіріп, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға да атсалысады. Мәселен, жуырда орталық мамандары жаңа туған нәрестесінен бас тартқан жас анамен жұмыс жүргізген. Психологиялық қолдау нәтижесінде әйел райынан қайтып, баласын құшағына басып, өз тәрбиесіне алды. Сонымен қатар, орталық әлеуметтік және медициналық мәселелерді шешуге де жәрдемдеседі.

Мәселен, көру қабілеті нашар алматылықтың мүгедектігін рәсімдеуге көмектесіп, соның арқасында ол тиісті мемлекеттік төлемдер мен ем алуға мүмкіндік алған. Ал алматылық көпбалалы анаға орталық өкілдері жұмысқа тұруына мұрындық болып, күтуші-тәрбиешілікке орналастырған.



# БАЛАМЫЗДЫ

## КІМ тәрбиелеп жатыр? Ата-ананы алаңдатқан мәселе

**Балалардың психологиясына** Бәлеуметтік желілер арқылы төнетін қауіп азаяр емес, керісінше күн санап артып келеді. Цифрлық дәуірде ақпарат алмасу жылдамдап, түрлі мазмұндағы контент санаулы секундта-ақ кең таралуда. Балаларға арналған YouTube-тағы қазақ тіліндегі контенттің сапасы соңғы кездері ата-аналар арасында алаңдаушылық тудырып отыр. Қазақша видеолардың көп бөлігі қорқынышты сюжеттерге, жағымсыз сөздерге және мәнсіз әрекеттерге құрылған. Көптеген арналардың басты мақсаты – лайк жинау, жазылушылар санын көбейту және қаралым арттыру ғана болып отырған секілді.



Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

### Бұл қандай контенттер?

Команда болып бірігіп түсірілген видеолар, кейбірі ата-аналар өз балаларымен бірге түсіріп жариялаған видеолар. Яғни өз жеке каналдары бар, балалардың қатысуымен түсірілген түрлі видеолар. Алайда, бүгінгі таңда осындай контенттің бірқатары балалар үшін зиянды сипатқа ие. «Зомби мысық», психикалық ауытқуы бар кейіпкерлер, «монстрға айналу», «жаман үйде қамалып қалдық» деген секілді сюжеттер балалардың психикасына кері әсер етуі мүмкін.

Балалар экран алдында қорқыныш пен үрейді сезінеді, тіпті кейде ұйықтай алмай, күнделікті өміріне қалыпты түрде орала алмай жатады. Ал кейбір контенттерде дүкеннен қажетсіз заттарды сатып алып, оны камера алдында көрсету жиі кездеседі. Соған қарамастан, мұндай видеолар балаларға қызық көрінгендіктен, олар көбіне дәл осы арналардың контентін көруге әуес. Нәтижесінде кейбір балалар қорқынышты видеоларды көріп үрейленсе, енді біреулері ата-анасынан видеода көрсетілгендей қажетсіз заттарды сатып алып беруін талап етуді әдетке айналдырған.

### Ата-аналар алаңдаулы

Әлеуметтік желілерде, соның ішінде Threads платформасында да бұл мәселе қызу талқыға түсуде. Ата-аналардың жазбалары мен пікірлерін оқи отырып, шын мәнінде алаңдауға тұрарлық жағдай байқалады.

«Тамикош пен Жасмин, Айлин мен Ляйсан сияқты видеоларды көріп, балам өрдей қорқып қалды. Осындай видеолардан кейін бала ұйықтай алмайды, тіпті дәретханаға да өзі бара алмайды, үнемі қасында жүруің керек. Кейіпкерлерді жаман қылып көрсету баланың ой-танымына әсер етеді. Кейде тіпті қалыпты кейіпкерлерді де

монтаж арқылы қорқынышты етіп көрсетеді», – деп жазады «Ықыласовна» деген желі қолданушы.

Асылбекова есімімен тіркелген тағы бір желі қолданушы оған: «Келісемін, бұл видеолардың мән-мағынасы жоқ. Қалпап көрейін десең де, іліп алар ештеңе таппайсың. Олар түрлі диалект сөздерді қайталап айтады, балалар оны жаттап алады. Кішкене болса да қызықты әрі пайдалы дүние жасауға болатын еді. Олардың контенті көбіне 24 сағат бойы шкафта, машинада немесе біреуден қашып жүретін көріністерден тұрады.

Пайдалы видеолары жоқ», – деген жауабын жазыпты.

Бұл пікірлер арқылы бір аталған арнаны түгел терістеуден аулақпыз, дегенмен, мұндай арналар бір-екеу ғана емес, күннен-күнге көбейіп келеді. Ал турасына келгенде ата-аналардың алаңдаушылығы да түсінікті. Себебі, баланың психикасы нәзік, ал көретін контенті оның дамуына тікелей әсер етеді. Алайда, балаларды үнемі бақылап отыру әр ата-анаға мүмкін бола бермейді.

### «Бала бәрін шынайы қабылдайды»

Психологтардың айтуынша, қорқынышты, агрессивті немесе мағынасыз контент балалардың қорқыныш сезімін күшейтіп, ұйқысыздыққа, көңіл күйдің тұрақсыздығына, тіпті әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Кейбір видеоларда қарапайым кейіпкерлерді әдейі қорқынышты етіп көрсетіп, балалардың санасында үрей мен шатасу қалыптастырады. Мұндай контент балалардың ойлау қабілеті мен эмоционалдық тұрақтылығына кері әсерін тигізуі ықтимал. Сондықтан ата-аналар бүгінде баласының қандай контент көріп отырғанын бақылаудан басқа амал таппай отыр.

Осы күрделі мәселеге қатысты психологтардың пікіріне де жүгінген едік. Кәсіби маман Бекзат Әлімбекқызы балалардың бәрін шынайы қабылдауынан пайдаланып, контенттерді орынсыз тықпалауға болмайтынын баса айтады. Ол балалар контентіндегі нәзік мәселелерді ашалай түсіндірді:

«Баланың миы әлі толық қалыптасу кезеңінде болғандықтан, олар көрген ақпаратты ересектерге қарағанда әлдеқайда эмоционалдық қабылдайды. Әсіресе, қорқынышты, агрессивті немесе мағынасыз сюжеттер балалардың санасында үрей, мазасыздық және түсініксіз қорқыныш сезімдерін қалыптастыруы мүмкін. Көп жағдайда

балалар экрандағы көріністерді шынайы өмірмен байланыстырып, сол жағдайды өз басынан өткізіп жатқандай қабылдайды. Мұндай жағдайлар баланың ұйқысының бұзылуына, түнде қорқып оянуына, жалғыз қалудан қорқуына немесе ата-анасынан алыс жүре алмауына әкеледі», – дейді.

Ол сондай-ақ, мазмұны төмен, мәнсіз немесе бірсарынды видеолар баланың ойлау қабілетіне де әсер ететінін баса айтып отыр. Яғни балалар тез ауысатын кадрларға айқай-шу мен шектен тыс эмоцияға үйреніп кетсе, олардың зейін қоя қабілеті әлсіреуі мүмкін. Уақыт өте келе бала сабырмен отырып кітап оқу, ойлануды талап ететін ойындар ойнау немесе ұзақ уақыт бір іске назар аудару сияқты дағдылардан алыстай бастайды. Бұл баланың танымдық дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін деп санайды Бекзат Әлімбекқызы.

### Бала санасын қорғау – бәріне ортақ

Балалардың психикасын қорғау – тек жеке отбасының ғана емес, тұтас қоғамның міндеті. Бүгінде балаларға арналған сапалы қазақ тіліндегі контенттің тапшылығы да айқын сезіледі. Егер пайдалы, тәрбиелік мәні бар бағдарламалар мен видеолар көбеймесе, балалардың назары жеңіл әрі мазмұны төмен дүниелерге ауып кетуі заңдылық. Ата-аналар да бұл мәселеге бей-жай қарамауы керек. Баланың қандай видео көріп отырғанын бақылау, экран алдында өткізетін уақытын шектеу және баламен бірге пайдалы контент таңдау – өте маңызды. Сонымен қатар, баламен көбірек сөйлесіп, көрген видеосы туралы пікірін сұрау да оның ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Біз жаңа, сапалы әрі тәрбиелік мәні бар контент жасау арқылы ғана келер ұрпақты қорқыныш пен үрейден қорғап, олардың психологиялық тұрғыдан сау болып қалыптасуына жағдай жасай аламыз.



Сурет: ЖИИ



67 САНЫН АЙТАТЫН АДАМ ПСИХ  
ЕКЕН | МИНИ-ФИЛЬМ | ҚАРАҢҒ...  
117 тыс. просмотров · 3 недели назад



АСИКОШ СОК ІШІП | ВАМПИР  
МОНСТРҒА АЙНАЛЫП КЕТТІ | МИНИ...  
Miss Асикош · 3,4 тыс. просмотров · 2 дня назад



БІРТҮРЛІ КӨРШІ | МИНИ-ФИЛЬМ  
ӘДІЛЕТТІ МЫСЫҚҚА АЙЛАНДЫРЫ...  
КОЛЖАСАРОВЫ СЕМЬЯ · 743 тыс. просмотров · 3  
месяца назад



ЖАМАН ҮЙДЕ ҚАМАЛЫП ҚАЛДЫҚ  
ЕРКЕЖАН ЖОҚ БОЛЫП КЕТТІ | ЕРКЕ...  
АДИЯ & ЕРКЕЖАН · 456 тыс. просмотров · 1 год назад



# ӘУЕЗОВТІҢ АЛМАТЫСЫ

**Ми – адамзат эволюциясының ірі жетістігі, естеліктердің, әрқилы ұнамды-ұнамсыз деректер мен сәттер көмбесі. «Ақылды ағза» ішіндегі күрделі құбылыстарды танып, импульстер сырына қанықсам деген ынтызар әлеумет – Бонн университетінің (УКВ) зерттеушілері өткен жылдары ғылыми айналымға «мекен жасушалары» деген термин енгізді.**



Дастан  
ҚАСТАЙ



Коллажты жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Адам миында жақсы жазуға машықтануға, дерекке бай естелік таңбалауға, автобиографиясын айқындауға септесетін, фактілер мен детальдерді кодтайтын арнаулы нейрондар құрылымы бар. Былай түсініңіз, біздің миымызда төл GPS-і бар. Табиғи, кәнігі GPS – «мекен жасушалары» деп аталады. Ал мидағы «тұжырым нейрондары» деген желілер бір адамның тұр-тұлғасын немесе қандай да бір затты танып отырады. Дәл осы екі арнаның тоғысынан өткен дәурен, озған заман сұлбасы өріледі, уақыт өте келе қайта жаңғырады, сұраулы сәті, қажетті кезеңінде ойға оралып, еске түседі. Демек, белгілі бір тұлғаның суретін көргенде, не есім-сойын естігенде, санаңызда жаңғыратын ортақ естеліктер де мидың «уақыт ағынын қайтара бажайлаған» амалы екен.

Әрине, біз қазақтың көп ұлысын көрген жоқпыз. Бірақ осы адам миының қыртысында қайта жанданып, қайта жаңғырудан туған түрлі естеліктерді оқып өстік. Ұлылар хақында естелік жазған қаламгерлердің жадыгерлігі де біздің уақыт пен заман әлпетін нақ тануымызға сәуле түсірді. Мәселен, Мұхтар Әуезов заманында қазіргі қарт Алматы қандай еді? Арба жолындай иректелген тағдыр тармағының ізін баққан жазушылар Алматы көшелерінде қалай жолығып қалатын? Олар қалай күлісетін? Олар қалай мұңдасатын? Қалай, не турасында тілдесетін? Ал сол жақсыларға жанашыр болған текті қазақ, әйдік жазушы – Ұлы Мұхтар Әуезов Алматыны қалай сүйді? Алматы кеңістігін қайтіп кезді, қай тұстарда аял етті? Қай тепсеңде тынығып, қай тал-қайыңның саясында ой қыдыртты?

Ғажап сыншы, қаламгер Серік Қирабаев атамыз бір естелігінде: «Біздің студенттер жатақханасында «ҚазМУ-да Мұхтар Әуезовпен кездесу болады екен» деген хабар тарады. «Абай» романының екінші кітабы шығып, жаппай оқып жатқан кезіміз. Соған бардық. Ол кезде ҚазМУ мен ҚазПИ қатар, қазіргі Қазыбек би көшесінің бойында (26, 28-үйлер) болатын. Кездесу екінші қабатта, 24-аудиторияда өтті. Халық сыймай кетті. Ел көрші аудиторияға кіріп, екі бөлменің арасындағы қабырғаның жоғарғы жағындағы терезеден қарап тұрып тыңдады. Мұхтар ұзақ сөйлеп, романның жазылу тарихына, өзінің Абай өміріне қатысты деректерді жинау жолына тоқталды. Әлем әдебиетіндегі тарихи адамдар, әсіресе, ақындар жөнінде жазылған романдар жайлы әңгімелеп, олардың жетістіктері мен олқылықтарына тоқталды», – деп сол кезеңді, аса байырқалы заман ажарын аша түседі.

Күн сайын өтіп жүрген кең көшелер, аласа үй, заңғар ғимарат, жалғыз аяқ сұрлеу, тіпті студент балаларыма деп ата-аналары алыстан жөнелткен көрпекөпшік, құрт-май, қант-кәмпит толы жолдорбалар тізіліп тұрған пошта үйі де сіз бен бізге, заманында Әуезовке ортақ болды ғой.

Тіпті, бірде қос Мұхтар – Мұхтар Әуезов пен Мұхтар Мағауин екеуінің жолы пошта үйінде түйісіп қалған көрінеді. Әрине, Ұлы Мұхтар – Мұхтар Әуезов – білікті ұстаз, Мұхтар Мағауин – талапты шәкірт есебінде. «Ол кезде студенттердің біразы пәтерде тұратын және пәтер жиі ауысып жататын, тұрақты адресіміз жоқ. Үйден келген хат-хабарды Киров пен Коммунист (қазір Бөгенбай батыр, Абылай хан аталады) көшелерінің қиылысындағы Бас поштадан барып алатынбыз. Бірде әдетімше, үйден ақша немесе хат келді ме деп Бас поштаға бардым. Кіріп келген бетте бірден көрдім, Мұхтар тұр екен. Өзі сұрап алатын «до востребования» хат бөліміндегі «А» деген әріптің тұсында, жанында ешкім жоқ.

Мұхтар жалғыз тұр. Қолындағы шағын куәлік кітапшасын отырған қызға ұсынып еді, қыз ұяны алып қарады да, онда хат-хабардан ештеңе жоқ екен, куәлікті қайтып берді... Осы жолы маған Мұхтардың бойы ұзын, тұлғасы өте зор көрінді. Мұхтар жайлап басып Бас пошта үйінен шығып жүре берді. Хат қаратып үлгергем жоқ, соңынан еріп, мен де шықтым. Мұхтар үйінің қай жерде екенін біз ол кезде білмейтінбіз, бірақ Абай, қазіргі Төлебаев көшесінде тұрады деп еститінбіз. Мұхтар Киров көшесімен барды да, оңға бұрылып, Абай көшесіне түсті. Ол кісі көліксіз жүрмеуі керек. Неге екенін білмеймін, сол жолы жаяу әрі жалғыз жүрді. Мезгіл қараша айының шамасы, күн жылы болатын. Мұхтар көшенің оң жақ бетімен жайлап,

**Қайткен күнде Алматы қаласы Ұлы Мұхтар – Мұхтар Әуезов шығармашылығына жол ашты, ой иірімінің ұлт санасы, халық дәстүріне қарай ойысуына ықпалды болды, мерей-мәртебе, биік марапат – халқының ықылас-ілттипатына бөленуіне айрықша мән үстеді.**

бірқалыпты, аспай-саспай, салмақты басып барады. Мен артынан жиырма қадамдай жерде ілесіп отырдым. Мұхтар үйіне жетіп, қақпасына енгенге дейін соңынан еріп бардым. Содан соң қазір Музей болып тұрған үйді төңіректей қарап, тағы біраз жүргенім есімде», – деп жазады Мұхтар Мағауин бұл жайында. Белгілі жазушы, Әуезовке шәкірт болған Сафуан Шәймерденовтің естелігіне қарасақ, классиктің қалыпты өміріне тереңдей түсеміз. «Біз екі-үш студент жиналып, Мұхтардың университеттен шығар кезін күтетінбіз де, үйіне дейін шығарып салатынбыз. Сұрақ әрқилы. Әуезов болса, бәлсінбейді. Ықыласымен жауап береді. Біз болсақ, үзіле тындап, Калинин көшесі мен Фурманов көшесінің қиылысатын жеріне қалай келгенімізді аңғармай қалатынбыз».

Әттең... Мұхтар Әуезов бір замандарда сол Алматысынан алыстауға мәжүр болды ғой. Ақын Олжас Сүлейменов жазушының 90 жылдық мүшелтой салтанатында сөйлеген сөзінде: «1951 жылы тағы да газеттер шабуылы басталды. Тағатындары сол баяғы бір айып. Феодализмнің жыршысы, буржуазиялық ұлтшыл, «Алашорданың» идеологы деген жала. Уақыт керуені көшіп, әлемде ұлы жаңалықтар болып өтсе де, бізде ештеңе өзгермеді. Тіпті, әдіс-тәсілдер де қалыптан айнымады. Академиктер Сәтбаев пен Әуезовті тұтқындауға ордер де дайындалып қойды, геолог Сәтбаевты феодализмді сүйгені үшін айыптау қиын, сондықтан да материалдық байлықты талан-таражға салып, жымқырды-мыс деген сылтаумен оның үстінен қылмыстық іс қозғайды. Екеуі де жасырын Мәскеуге қашып кетті. Фадеев пен Тихонов барын салып, ең үлкен лауазымдыларға жолықты. Әуезов Мәскеуде

қалып қойды, МГУ-де СССР халықтары әдебиетінен дәріс берді. Ал Сәтбаев Пайдалы қазбалар кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды», – деп айтыпты. Жазушы сол қуғыннан кейін, 1954 жылы ғана Алматыға қайтып оралды, Алматыда, құтты мекенінде «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтады. Тағдыр желісі тар қыспаққа түскен, тынысын ашып, бауырын жазып жүйткір шағында көп бөгесін көрген Мұхтардың, Сәбеңнің, Ғабеңнің, Ғабаңның, Қанекенің өз Алматысын сондық сүйгеніне кәміл сенеміз.

Қайткен күнде Алматы қаласы Ұлы Мұхтар – Мұхтар Әуезов шығармашылығына жол ашты, ой иірімінің ұлт санасы, халық дәстүріне қарай ойысуына ықпалды болды, мерей-мәртебе, биік марапат – халқының ықылас-ілттипатына бөленуіне айрықша мән үстеді.

Толысу жылдары Мұхтар Әуезов халық ақындарының сөзіне ерекше құлықты болғанын да естеліктер жасырмайды. «Өткен күндер кітаптарының беттері қайта ашылады. Алда ойлы көзін алысқа жіберіп жазық мандайлы Мұхтар тұр. Қыс. Алматы. Декабрь. Көше қар-соқпа. Алыста соғыс жүріп жатыр. Алматыда халық ақындары асханада отырып, бірімен бірі өткір өлеңмен қақтығысады. Ортада Мұхтар. Жүйрік саусағы блокнот бетінде жүгіреді. Шайханадағы әзілдерді жазып алған жөн. Тілдің асыл түйірі халықта. Әдебиетті алдымен халық жасайды. Ақын-жазушы сол халық жасаған күмбездің іші-сыртын әшекейлі, әдемі бір әсем көрікпен безендіреді», – деп жазады Сырбай Мәуленов.

Байқағанымыз, сол жылдары Алматыдағы шығармашыл шоғырдың рухани қазаны бұрқ-сарқ қайнап жатыпты. Бастауында маңдайы ғана емес, ақыл ауданы кең Мұхтар Әуезов тұрыпты. Әдебиетке шын жанашыр болыпты.

Қазір басқа заман. Жылпың, жүрдек уақытта тоқтам жоқ. Зулап жатыр. Тек Ұлы Мұхтар хақындағы естеліктер ажарында ғана уақыт арғымағының өзі қаңтарылып, тыныстап тұр. Дұрыс қой. Нағыз жазушы ғұмырының өзі – тұтас бір дәуір емес пе?



БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚАЗАҚТАР

# ОЯНҒАН ЖАҢҒЫРЫҚ

## Шаңқобызды қайта тірілткен өнерпаз



гастрольде болды. Өнер сапарларында шаңқобызбен жеке орындауға шығып, халықты таңқалдырды. Қайта жанданған аспап үні жаңғырып шықты.

Гүлсара Піржанованың шаңқобызда орындаған бірнеше шығармасы пластинкаларға, магниттік таспаларға жазылып, «Алтын қорға» да енген-ді. Ғасырлар аманатын арқалаған аяулы жанның еткен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. 1992 жылы оған ҚР еңбек сіңірген артисі атағы берілді.

Қазақ ұлт-аспаптық өнерінің жаңғыртушысы, алғашқы шаңқобызшы Гүлсара Піржанова 2001 жылы дүниеден озды.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

#### ӘДЕМІ ӘННІҢ ТАҒДЫРЫ

1975 жылы атақты сазгер Шәмші Қалдаяқов Өзбек ССР құрамындағы Тамдыбұлаққа сапарлайды. Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылы композиторды бар қазақы болмыспен күтеді. Сол кезде сазгер нағыз қазақы тұрмысты көріп қайран қалған деседі. Азанда құстың сайрағанына дейін таңырқап, түйелі көшке тамсанып, қазақы салт-дәстүрдің қаймағы бұзылмағанын көріп, «нағыз қазақтар осында екен» деп бас шұлғыпты деседі.

Осындай қонақжайлылықтың қайтарымы тек ән ғана болар деген ой келеді сазгер санасына. Қонақ болып, кездесулерге барып, халықтың көңілінен шыққанда «Алматыға жетсем міндетті түрде ән жазамын» деп бекінеді. Бұл уәдеге ауыл адамдары «Егер ән туса, сөзін Қадыр ақын жазсыншы» деген тілегін де үстейді.

Алматыға жеткен соң Шәмші Қадыр Мырзалиевке барып «Осылай да осылай, саған Өзбекстандағы қалың қазақ сәлем айтты, ән дайын, енді соған сөз керек» дейді. Қадырдың «көрмеген-білмейтін жерім ғой» дегеніне көнбей, өз сапарынан көргенін майын тамызып тұрып бәрін айтып беріпті. Шәмшінің айтқанынан керемет әсерленген Қадыр ақын қаламын қолға алған екен. Солай «Тамды аруы» әні дүниеге келіпті.

Ән жазылғанмен, оның таралуы бөлек жұмыс. Қазіргідей емес, ән тек радио арқылы немесе оркестрлердің орындауында тарайды. Ән Қадырдың сөзіне жазылса да ол кезде Тамды деген жерді көпшілік білмейді. Десе де, Шәмші әнді ЖенПИ-де сабақ беретін әрі «Отырар сазы» оркестрінде жұмыс істейтін Гүлсара Піржановаға апарып береді. «Елге жеткіз» деп. Осылай әдемі ән сол әнді тудырған өлкеге аманат боп жетеді. Әйтпесе, Шәмшінің талай әні жоғалды ғой. Апамыз әннің таралуына қолдан келгенін жасайды.

Солай «Тамды аруы» әні алғашқы боп Гүлсара апамыздың қолына тиіп, керемет әннің ғұмыры басталған екен. Жақсы әнге уақыт тосқауыл болмайды екен. Жарты ғасыр бұрын жазылған «Тамды аруы» бүгінге дейін айтылады. Әсіресе, мәдениет қайраткері Гүлмира Ақұрпекованың орындауында тіпті де әсерлі. Тамаша әннің тағдыры ұзақ болсын.

Талапты қыз 1968 жылы Алматыда Қыздар педагогикалық институтының Музыка-педагогика факультетін тәмамдады. Жастайынан нотадан хабардар студент қыз институт қабырғасында жүріп түрлі өнер ұйымдарында болды. Атақты «Айгүл» ансамблінде, Б.Байқадамовтың «Ән-би» ансамблінде өнер көрсетті.

Институт бітірген соң жоғары оқу орнында қалып, он бес жыл «Хор дирижері» пәнінен сабақ берді. Міне, осы кезде өнер зерттеушісі Болат Сарыбаевтың қолдауымен шаңқобыз аспабын оркестрге қосып, бабалар мұрасын қайта жаңғыртады. Ол осы еңбегімен Қазақстанда алғашқы шаңқобызда кәсіби орындаушы болып қалды.

1980 жылдан Гүлсара Б.Сарыбаевтың шақыруымен «Отырар сазы» оркестрінің алғашқы шаңқобызшысы боп кәсіби өнер әлеміне келді. Халық әндері мен Н.Тілендиевтің әндерін шаңқобызда жеке орындады.

Гүлсара Піржанова Н.Тілендиев басқарған оркестр құрамында ондаған Халықаралық фестивальға қатысып, қазақтың ұлттық аспабының кереметін әлемге паш етті. Иран, ФРГ, Югославия, Испания, Түркия, Солтүстік Корея, т.б. шетелдерде

**Гүлсара Піржанова. Бұл есімді біреу білсе, біреу білмес. Білсе де қазақтың фольклорлық өнеріне ден қойғандар ғана білер. Себебі, Гүлсара Піржанова бір кездері қазақтың ұмытылып бара жатқан шаңқобыз аспабын оркестрге қосқан өнерпаз еді. Ол баба мұрасын ұлттық аспапты жаңғыртушы Болат Сарыбаевтың ұсынысымен қолға алған екен.**

Нұрлан  
СҮЙІН

Гүлсара Піржанова 1935 жылы Өзбек ССР, Бұқара облысы, Тамды ауданында дүниеге келген. 1954 жылы Тамдыдағы мықтылар шыққан Ленин атындағы қазақ мектебін бітірген. Тоғыз жасында әкесінен шаңқобыз тартуды үйреніпті, кейін өз бетінше нота танып, музыкалық өнерге ден қойған.

«Alatau Aqparat» медиахолдингі ұйымдастырған «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінің тұрақты оқырмандарына арналған дәстүрлі байқаудың жеңімпаздары анықталды.

Дана  
САДЫРҚАН

Жалпы, басылым оқырмандары арасында түрлі ұтыс ойындарын өткізу қос газет ұжымының дәстүріне айналған. Осы үрдіс жыл сайын жалғасын тауып, «Жазыл да, ұтып ал!» атты арнайы акция тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Биыл да бұл бастамаға оқырман белсенді қатысып, өз бақтарын сынады.

Айта кету керек, байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 21 наурызда Aport Mall East сауда-ойын-сауық орталығында өткен болатын. Ондағы салтанатты іс-шараға қатыса алмаған жүлдегерлер ұмыт қалмады. Олар редакцияға арнайы келіп, өздеріне тиесілі бағалы сыйлықтарын алды. Редакция ұжымы әрбір жеңімпазды жылы қабылдап, құттықтап, естелік суретке түсіп, игі тілектерін жеткізді.

Атап айтқанда, «Almaty aqshamy» газетінің оқырманы Нұрмұхамед Әмірбеков, «Вечерний Алматы» газетінің оқырмандары Александра Смағұлова, Рымғайша Бақаева және Сәуле Шариповаға бағалы сыйлықтар табысталды. Айта кетейік, бай-

# ОЛЖАЛЫ ОҚЫРМАН

## Дәстүрлі байқау жеңімпаздары марапатталды



қауға демеушілік көрсеткен – Panasonic компаниясы.

Жеңімпаз Нұрмұхамед Әмірбеков бұл қуанышын ерекше ықыласпен жеткізді:

– Мен «Almaty aqshamy» газетінің 30 жылдан бергі тұрақты оқырманымын. Га-

зетпен бірге өсіп, елдегі жаңалықтарды үзбей оқып келемін. Редакцияның осындай ұтыс ойындары арқылы оқырмандарына көңіл бөліп, сыйлық табыстап жатқаны қуантады. Мен де жүлдегер атанып отырмын, бұл мен үшін күтпеген әрі жа-

ғымды сый болды. Газет ұжымына алғысым шексіз, – деді ол.

Осылайша оқырманға қуаныш сыйлауды мақсат еткен дәстүрлі байқау өз мәресіне жетіп, аяулы жандарға көтеріңкі көңіл күй мен жағымды әсер сыйлады.

● КОНКУРС

## БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНА!

**Алматы қаласында «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындау конкурсының аудандық кезеңі басталды. Аталмыш конкурс жыл сайын өткізіледі және ол грант мөлшерін айқындау мен оны беру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. Конкурстың келесі кезеңі – қалалық кезең 2026 жылдың 4–29 мамыр аралығында өтеді.**

Конкурсқа мемлекеттік орта білім беру ұйымдары қатыса алады. Қатысушыларды іріктеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №544 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес конкурстық комиссия арқылы жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысу үшін білім беру ұйымдары белгіленген мерзімде конкурстық комиссияға конкурсқа қатысуға өтінім және белгіленген критерийлерге сәйкес тиісті материалдарды ұсынуы тиіс. Конкурстық комиссияның әр деңгейдегі шешімдері хаттамамен ресімделеді және оған комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшы және комиссия мүшелері қол қояды.

Қалалық конкурстық комиссияның қарауына аудандық кезеңнен өткен білім беру ұйымдарының құжаттары 2026 жылғы 4 мамырда Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 62 А мекенжайы бойынша қабылданады. Құжаттарды Алматы қаласы Білім басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қабылдайды. Сонымен қатар, құжаттардың электрондық нұсқасын міндетті түрде электрондық пошта арқылы «Гранттар конкурсы» белгісімен жолдау қажет.

Белгіленген мерзімнен кейін ұсынылған құжаттар конкурса қабылдана бейді. Ұсынылған құжаттар негізінде тиісті деңгейдегі конкурстық комиссия конкурса қатысушыларды тіркеуді жүзеге асырады.

Байқау қорытындысы бойынша ең үздік жеңімпаз ұйым Алматы қаласы әкімі тағайындаған грант сертификатын алады (қомақты жүлде қоры – ең төменгі жалақының сегіз жүз еселенген мөлшерінде).

Байқауға қатысқан барлық қалған мектептерге «Орта білім беретін үздік ұйым» байқауының лауреаты» дипломы беріледі. Грантты тапсыру 2026 жылдың тамыз айында өтетін қалалық пленарлық педагогикалық кеңес аясында жоспарланып отыр. Бөлінген грант қаражаты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

● ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ



## ӨМІРДІҢ ҮЛКЕН ФИЛОСОФИЯСЫ

Жазушы Қуандық Түменбайдың жаңа жинағы жарық көрді

**Қаламыздағы «Атамұра» кітап үйі күрделі жөндеуден кейін есігін айқара ашты. Жаңартылған «Кітап үйі» тек кітап дүкені ғана емес, мәдени орталыққа да айналып отыр. Ғимарат іші заманауи жабдықтармен қамтылып, ұлттық ою-өрнекпен айшықталған қабырғасына дейін «сөйлеп» тұр. Ең бастысы, оқырманға ыңғайлы кеңістік, әдеби кештер мен кездесулер өткізу мүмкіндігі, жаңа оқырмандарды тарту мүмкіндігі сияқты бағыттар толық қарастырылған.**

Осындай білім ордасында жазушы Қуандық Түменбайдың «Көк кептердің көргені» атты кітабының тұсаукесері болып өтті. Іс-шараға әдебиетсүйер қауым, жас оқырмандар мен зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Есімі оқырмандарына кеңінен таныс Қуандық Түменбай – қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қаламгер. Оның шығармаларына тән басты ерекшелік – адамның ішкі әлемін терең ашу, қарапайым өмірдің астарынан үлкен философиялық мән іздеу болса, оқырманына жол тартқан «Көк кептердің көргені» осы бағыттағы ізденістердің заңды жалғасы.

Жинаққа енген басты хикаят «Көк

кептердің көргені» шығарманың идеялық өзегін айқындайды. Бұл туындыда адам жаны мен табиғат, нақтырақ айтқанда, құстар әлемі арасындағы байланыс көркем тәсілмен берілген. Ал көк кептер – бұл жерде жәй ғана құс емес. Ол – символ. Ол – бақылаушы, куәгер, тіпті кей тұста адам жанының көрінісі.

Жинақтағы «Мешіттің маңы», «Талтүсте өткен той», «Қой баққан балерон», «Жапон құданың қалауы» секілді әңгімелер бүгінгі қоғамның нағыз бейнесі. Автордың басты жетістігі – ол кейіпкерлерін асыра дәріптемейді, керісінше олардың болмысын табиғи күйінде көрсетеді. Бұл шығармаларда замандастардың мінез-құлқы, әлеу-

меттік өзгерістер, рухани дағдарыстар, адам мен қоғам арасындағы қайшылықтар айқын әрі шынайы суреттелген.

Жалпы, Қуандық Түменбайдың тілі – жеңіл оқылатын, бірақ астары терең тіл. Ол күрделі философиялық ойларды қарапайым оқиға арқылы жеткізіп, оқырманын ойлануға жетелейді. Кейде тіпті жауаптан гөрі сұрағы басым болып жатады.

Қаламгер тек сын айтумен шектелмейді. Әр шығармасында үміт бар, жарық бар. Кітаптың тұсаукесерінде жазушылар Кәдірбек Сегізбайұлы, Әділқазы Қайырбек, Қайнар Олжай сөз алып, ізгі тілектерін білдірді. Екінші тынысы ашылған «Атамұра» кітап үйі – мәдени кеңістіктің жаңа кезеңіне аяқ басты.

● ECERS-3

**Алматы қаласындағы №196 бөбекжай-балабақша базасында мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға бағытталған семинар-практикум болып өтті. Аталмыш іс-шара «ECERS-3 шкалаларын қолдану: Сапа лабораториясы» атты тақырыпты қамтыды. Басқосуға Алматы қаласы мектепке дейінгі аударыстық орталық өкілдері, Медеу ауданы білім бөліміне қарасты мекемелер, әдіскерлер мен мобильді топ мүшелері және жекеменшік балабақша басшылары қатысты.**

Іс-шараның негізгі мақсаты – халықаралық ECERS-3 шкаласын қолдану тәжірибесіне арналды. Бұл шкала мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру ортасының сапасын бағалауға арналған

## БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

құрал болып табылады. Ол бақылау арқылы жүргізіледі және оқу процесінің нақты жағдайына сүйенеді. ECERS-3 шкаласы АҚШ-тағы University of North Carolina жанындағы Frank Porter Graham Child Development Institute базасында әзірленген.

Семинар бағдарламасының басты ерекшелігі теориялық баяндамалармен шектелмей, тәжірибеге басымдық берілді. Қатысушылар мектепке дейінгі ұйымдағы оқу ортасын тікелей бақылап, білім беру процесін бағалау тәсілдерімен танысты. Жалпы, бұл тәсіл балабақшадағы жұмысты құжат арқылы емес, нақты процесс негізінде талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қазақ және орыс тілінде жұмыс істейтін топтардың жұмыстары таныстырылды.

Басқосуға жиналғандар халықаралық зерттеулерде педагог пен бала арасындағы өзара әрекет білім сапасының негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылып, Harvard University Center on the Developing Child жарияланымдарында бұл байланыс баланың когнитивті және әлеуметтік дамуына әсер ететіні тұрғысында көрсетілгені туралы әңгімелеп, өз ойларын ортаға салды.

№196 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Динара Керімбаева қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру сапасының маңызы барған сайын артып отырғанын айтады. «Мәселен, OECD ұйымының «Starting Strong» зерттеуінде ерте жасынан сапалы білім алған балалардың болашақта да оқу жетістіктері жоғары болатыны дәлелденген. Сондай-ақ,

UNESCO мектепке дейінгі білім беруді тиімді әлеуметтік инвестиция ретінде қарастырады. Сондықтан Алматыда өткен семинар мектепке дейінгі білім беру жүйесінде сапаны бағалаудың жаңа тәсілдері енгізіліп жатқанын көрсетіп отыр», – дейді ол.

Сондай-ақ, «Білім алу белсенділігі: текшелер» әдісі де кеңінен таныстырылды. Бұл тәсіл баланың оқу процесінде белсенді қатысуына негізделгендіктен, қазір мұндай әдісті педагогикада кеңінен қолданылып келеді. Семинар соңында қатысушылар арасында пікір алмасу ұйымдастырылып, білім беру ортасын бағалау және жетілдіру мәселелері талқыланды.

Бетті әзірлеген  
Рая ЕСКЕНДІР.



# РАЙЫМБЕК БАТЫР

кесенесінің аумағы VR және AR технологиясымен жабдықталатын музейге айналады

**Мегаполистегі Райымбек даңғылы бойында Райымбек батыр кесенесі орналасқан. Бұл Қазақстанның киелі орындар картасына енген, тарихи, архитектуралық және монументалдық өнер ескерткішіне жататын нысан. Жер-жерден келетін адамдардың зиярат ететін рухани орындарының біріне айналғалы талай жылдың жүзі болған.**

Нұржамал  
ӘЛІШ

Қазақ елінің бостандығы мен жерінің тұтастығы үшін күрескен батырлардың бірі – аты аңызға айналған Райымбек бабамыздың кесенесінің алдында шөгіп жатқан түйенің мүсіні бар. Батыр бабамыз қайтыс боларының алдында ағайын-туыс, дос-жаранын жинап: «Сүйегімді ақ киізге орап, түйеге артып қоя беріңдер. Қайда шөксе, сол жерге жерлеңдер» деп аманат етіпті дейді. Түйе бірнеше күн жүріп келіп, осы жерге шөккен екен деген аңыз бар. Иә, ел ішінде батырдың нақты қай жерде жерленгені жайлы түрлі дерек болғанымен, қазіргі кесенесі халықтық сенімі негізінде тұрғызылған.

Райымбек батыр 17 жасында алғаш рет жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен. Жекпе-жекке шыққанда жауына

қарсы найза лақтырмай, қарсы келгенде ғана соққы жасайтын болған дейді аңыздарда.

- Ел аузындағы деректерге сүйенсек, оның көзі өткір, түрі сұсты болған көрінеді. Жау оны көрген сәтте-ақ қорқыныштан бойын жинай алмай қалатын еді дейді.
- Ол жоңғарларға қарсы күресте тек әскери тәсілдермен шектелмей, шекара қауіпсіздігін нығайтуға, қорғаныс бекеттерін салуға басшылық еткен. Райымбек батырдың жасы ұлғайған шағында да соғыс даласында жүргені айтылады.
- Батырдың жорықтарында әйелдер мен балаларды қорғау ерекше назарда болған. Ол тек жаумен соғысуды емес, бейбіт халықты аман алып қалуды да басты міндеті санаған.

Енді дәл осы жерде музейлендірілген заманауи «Райымбек батыр» мемориалдық кешені ашылады. Құрылыс-монтаж жұмыстары былтыр басталған болатын. Сондықтан кесене басындағы жұмыс қазір қызу жүруде.

Екі қабаттан тұратын, VR және AR технологиясымен жабдықталатын ірі кешенің экспозициялық залдарында Райымбек бабамыздан басқа да қазақ батырларының өмір жолы, жауынгерлік ерлігі және олардың тарихи дәуірін сипаттайтын интерактивті көрмелер ұйымдастырылады деген жоспар бар. Келушілер батырлардың өміріне мультимедиялық бейнелер, 3D-модельдер және тарихи реконструкция арқылы үңіле алады. Яғни VR-турлар арқылы тарихи шайқастарға «тікелей» қатысуына болады.

**Алматы Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры биылғы «Цифрландыру және жасанды интеллект жылына» орай «Инновациялық робот қуыршақ» жобасын іске қосты.**

## РОБОТ ҚУЫРШАҚ

би билеп, домбырамен ән де шырқайды



Нұржамал  
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Аталмыш бастама дәстүрлі қуыршақ театры өнерін инновациялық технологиямен ұштастыра отырып, театр қызметінің мазмұнын жаңғыртуға және көрерменмен байланысты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Инновациялық робот қуыршақтардың басты ерекшелігі – ұлттық образда би билеп, домбырада ойнап, өнер көрсетеді. Олар арнайы бағдарламамен басқарылады. Сонымен қатар, қолын, басын, көзін және аузын қозғалтып, артикуляциялық қимылдар жасай алады.

Робот қуыршақтың сыртқы бейнесі ұлттық нақышта безендірілген. Бұл шешім заманауи технологиялар мен еліміздің дәстүрлі мәдени кодды үйлестіре отырып, ұлттық құндылықтарды жаңа форматта дәріптеуге мүмкіндік береді.

Жобаның негізгі мақсаты – көрермендерге тек көркем қойылым ғана емес, интерактивті мәдени тәжірибе ұсыну. Театр шеберлері жасап шығарған робот қазіргі кезде алдын ала жазылған сценарий бойынша жұмыс істейді.

Бұл қадам Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының инновациялық мәдени мекеме ретіндегі имиджін ны-



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Өркен ЖҰМА,  
Алматы Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының актері:

### Театрға жасанды интеллект енді

Бұл бастама жаңа форматтағы спектакльдер мен шығармашылық шешімдердің пайда болуына негіз қалайды деп білеміз. Наурыз мейрамы қарсаңында жүзеге асырылған жоба театрдың көркемдік көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, жас ұрпақтың өнерге деген қызығушылығын арттыруға, ұлттық мәдениетті жаңа сипатта дәріптеуге жол ашары сөзсіз. Алдағы уақытта жасанды интеллект элементтері енгізіліп, көрерменмен тікелей диалог жүргізу мүмкіндігі қарастырылуда. Жоба аясында бірнеше робот қуыршақтан тұратын кешенді сахналық жүйе құру, оларды толыққанды театр қойылымдарына енгізу, сондай-ақ халықаралық мәдени алаңдарда таныстыру жоспарланып отыр.

ғайтып, әсіресе, балалар мен жас өспірімдер аудиториясының қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Сондай-ақ, аталған жоба арқылы театр цифрлық технология мен өнер синтезін дамытуға өз үлесін қосып, еліміздің мәдени кеңістігінде инновациялық бағыттың қалыптасуына атсалысуда.

## АЛМАТЫ ӘЛЕММЕН БІРГЕ

Қала тұрғындары «Жер сағаты» бастамасын қолдады

**Almaty Theatre ғимаратында «Жер сағаты» халықаралық бастамасына орай TURAQTY JOL 7.0 ұлттық әлеуметтік эко-науқаны өтті. Кештің басты оқиғасы – әсем әуен мен экологиялық мәселелерді ұштастыратын «Symphony of Earth» акустикалық концертті болды.**

Іс-шараны ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Өңірлік кеңсесі мен ҚР ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының қолдауымен Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының федерациясы ұйымдастырды.

Концерт unplugged форматында өтті. Яғни «Жер сағаты» акциясын қолдау мақсатында театр ғимаратында жарық өшіріліп, бағдарлама электр энергиясын қолданбай орындалды. Мұндай формат ресурстарды саналы тұтыну және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау идеясын нығайтуға бағытталған.

– Міне, жетінші жыл қатарынан Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен осы ауқымды бағдарламаны жүзеге асырып келеміз. Жалпы, еліміз бойынша науқанға шамамен, 90 мың адам қамтылды. Біз жұртшылықтың, әсіресе, жастардың назарын экология мәселелеріне аударғымыз келеді. Егер мәдениет пен білім беру арасында өзара байланыс болса, болашағымыз жарқын болады, – деді Қазақстандық ұлттық ЮНЕСКО клубтары федерациясының вице-президенті Сабина Ақжарова.

Музыкалық бағдарлама барокко дәуірінен бастап заманауи академиялық музыкаға, соның ішінде қазақстандық композиторлардың туындыларына дейін қамтылды. Концертте Иоганн Себастьян Бах, Антонио Вивальди, Арво Пярт, Астор Пьяццолла, Жюль Массне және отандық авторлардың шығармалары шырқалды. Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – оркестр құрамында қобыз аспабы қолданылып, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жеке орындаушылары мен «Кер-толғау» қобызшылар ансамблі өнер көрсетті. Шығармаларды көркемдік жетекші әрі бас дирижер Аршат Шәріптің басқаруымен Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернатының «Giovanі Talentі» камералық оркестрі орындады.

– «Symphony of Earth» концерті – маңызды мәдени оқиға ғана емес, тұрақты даму мәселелеріне назар аударатын маңызды алаң. Өнерді, экологияны және қоғамдық диалогты біріктіретін бұл жоба көрермендерді қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға және планетаны сақтауға өз үлестерін қосуға шабыттандыруды көздеді, – деп атап өтті ұйымдастырушылар.

Еске салайық, TURAQTY JOL – өске-лең ұрпақтың бойына мәдени, адамгершілік және экологиялық құндылықтарды сіңіру арқылы қоршаған ортаға ұқыпты қарауды тәрбиелеуге бағытталған білім беру бағдарламасы.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайсар ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,  
«Райымбек батыр» мемориалдық кешенінің жетекшісі:

### Рухани-тағылым кешені

Райымбек батыр кесенесі маңында музей құрылысы қарқынды түрде жалғасуда. Қазіргі уақытта ғимарат қаңқасы мен инженерлік жүйелерін салу жұмыстары жүргізілуде. Жаңа мемориалдық кешен биыл ашылады деген жоспар бар. Айта кету керек, Райымбек батыр кесенесі Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіші.

«Райымбек батыр» мемориалдық кешенінің негізгі мақсаты – Райымбек батырдың өмірі мен қызметін, қазақ халқының мәдени және рухани мұрасын, батырлығын, сондай-ақ XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихының ерлікке толы беттеріне арналған ғылыми негізделген музей экспозициясын құру халыққа қолжетімді, қызықты және заманауи форматта ұсыну.

Кешен туристер мен қала тұрғындарына рухани тағылым беріп, Алматыны еліміздің мәдени және тарихи туризмінің орталығына айналдыруға, ұлттық құндылықтарды жаңа технология көмегімен жаңғыртуға бағытталған. Демек, Райымбек батыр музейі – бұл туристік нысан ғана емес, ол төл тарихымызды, мәдениетімізді келешек ұрпаққа жеткізудің жаңа тәсілі.



## ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-407 қаулысы

**Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы  
№1/1-166 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің немесе  
өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен  
шығарудың басталуы туралы» қаулысын жою туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы әкімінің 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №2025-309 кеңесінің қорытындысы бойынша хаттама негізде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы №1/1-166 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің немесе

өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысы жойылсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-407 қаулысы

**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға  
байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын  
мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Түркісіб ауданы әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 9 тамыздағы №27.3-27.03/448-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдаланудағы объекті үшін (тұрақ алаңын жайластыру мақсатында), Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, 101 (жүз бір меншік иелері/ жер пайдаланушылар) мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2029 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүргізілетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 03-кеңсе болып белгіленсін.

**Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ**

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-407 қаулысына қосымша

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Инкин Денис Борисович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №2 көлікжай	32,70
2	Порядин Станислав Борисович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №4 көлікжай	24,10
3	Абдрасилов Бахытжан Ержанович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №5 көлікжай	23,00
4	Стерлигов Дмитрий Юрьевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №8 көлікжай	22,60
5	Рахимов Карим Шакирович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №10 көлікжай	22,20
6	Мамонтов Сергей Александрович, Мамонтова Тамара Борисовна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №14 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0041
7	Пажетных Андрей Вадимирович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №22 көлікжай	21,30
8	Шеметов Станислав Константинович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №38 көлікжай	23,80
9	Коротовская Светлана Анатольевна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №41 көлікжай	25,20
10	Воронина Оксана Михайловна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №42 көлікжай	31,90
11	Воронина Оксана Михайловна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №43 көлікжай	31,90
12	Бурлакова Наталья Николаевна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №49 көлікжай	30,30
13	Киршенман Сергей Иванович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №50 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0052
14	Ахметов Бауржан Жаханович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №57 көлікжай	23,50
15	Сухорукوف Артём Андреевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №59 көлікжай	28,60
16	Белашапо Евгений Андреевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №62 көлікжай	26,80
17	Бутурлакова Галина Дмитриевна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №63 көлікжай	24,40
18	Грищук Юрий Нифонтович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №67 көлікжай	23,80
19	Тканов Сергей Николаевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №91 көлікжай	23,80
20	Хибинский Виктор Валерианович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №93 көлікжай	21,90
21	Клименко Николай Андреевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №109 көлікжай	22,40
22	Ускенбаев Ердаулет Жапарович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №114 көлікжай	22,30
23	Петров Виктор Климентьев	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №130 көлікжай	22,60
24	Петренко Владимир Владимирович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №138 көлікжай	19,40
25	Улизко Алексей Егорович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №140 көлікжай	20,80
26	Ким Юлия	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №144 көлікжай	20,70
27	Мека-Меченко Татьяна Владимировна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №148 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0022
28	Дундич Константин Петрович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №163 көлікжай	22,40
29	Зверева Ольга Анатольевна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №187 көлікжай	24,20
30	Андрейченко Татьяна Борисовна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №191 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0036
31	Брошев Валентин Николаевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №195 көлікжай	19,90
32	Туркач Эльвира Леонидовна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №200 көлікжай	20,00
33	Манушин Вячеслав Викторович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №205 көлікжай	23,30
34	Кондрашин Павел Владимирович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №207 көлікжай	22,40
35	Ермаченко Игорь Григорьевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №213 көлікжай	20,50
36	Кузбаков Турсунбек Нурханович, Кузбаков Алдияр Нурханович, Сарсембиев Даниял Муратович, Кузбаков Турсунбек Нурханович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №218 көлікжай	21,00
37	Агафонов Виктор Валентинович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №219 көлікжай	20,90
38	Светлаков Александр Петрович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №221 көлікжай	21,10
39	Костенко Игорь Петрович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №241 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0039
40	Марей Елена Валентиновна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №248 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0045

41	Литвинов Андрей Юрьевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №250 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0037
42	Нинько Евгений Иванович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №254 көлікжай	20,20
43	Патутина Валентина Николаевна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №264 көлікжай	20,10
44	Шумилин Дмитрий Юрьевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №270 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0042
45	Костюк Ольга Геннадьевна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №273 көлікжай	20,30
46	Куганова Лунара Максумовна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №280 көлікжай	27,90
47	Жигалин Дмитрий Анатольевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №285 көлікжай	25,30
48	Агеев Игорь Евгеньевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №301 көлікжай	21,50
49	Ларионова Анастасия Викторовна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №303 көлікжай	20,20
50	Шекуров Владимир Семенович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №308 көлікжай	24,60
51	Аубекеров Жуматай Катепович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №310 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0037
52	Васильева Жаннета Алексеевна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №314 көлікжай	19,50
53	Тупелев Марат Суртаевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №322 көлікжай	19,90
54	Дюсенова Эльвира Петровна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №327 көлікжай	21,20
55	Калеканова Ирина Васильевна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №329 көлікжай	21,10
56	Магда Виктор Васильевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №335 көлікжай	23,30
57	Бурляев Евгений Юрьевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №343 көлікжай	19,00
58	Орумбаев Мурат Коканович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №348 көлікжай	18,20
59	Сабиров Шимдт Омарович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №355 көлікжай	17,90
60	Сабиров Шимдт Омарович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №356 көлікжай	20,10
61	Курочкин Владимир Викторович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №359 көлікжай	18,60
62	Горный Геннадий Валентинович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №368 көлікжай	19,80
63	Кондрашина Наталья Николаевна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №376 көлікжай	20,60
64	Сайбель Елизавета Иосифовна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №385 көлікжай	19,60
65	Еремченко Валентин Викторович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №392 көлікжай	21,20
66	Коновалов Андрей Геннадьевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №394 көлікжай	20,80
67	Сивкова Ирина Леонидовна, Овчаренко Людмила Леонидовна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №398 көлікжай	20,00
68	Шуляк Людмила Михайловна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №406 көлікжай	18,30
69	Брызгалова Ирина Анатольевна, Брызгалов Юрий Владимирович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №412 көлікжай	21,80
70	Горный Геннадий Валентинович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №421 көлікжай	25,90
71	Третьяков Сергей Андреевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №425 көлікжай	20,70
72	Гуляев Владимир Евгеньевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №429 көлікжай	24,90
73	Омарова Рашида Жамаловна, Омаров Рафихжан Махматович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №443 көлікжай	19,80
74	Скорбач Марина Александровна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №461 көлікжай	19,70
75	Чукаева Светлана Федоровна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №463 көлікжай	19,30
76	Бекеев Жанайдар Мухтарович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №478 көлікжай	20,50
77	Тютюнникова Светлана Александровна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №482 көлікжай	19,00
78	Макеев Светлана Георгиевна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №493 көлікжай	22,50
79	Черкасов Николай Васильевич	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №495 көлікжай	21,40
80	Кириллов Владимир Иванович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №498 көлікжай	24,50
81	Мамонтова Ольга Михайловна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №500 көлікжай	22,50
82	Костенко Юрий Николаевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №504 көлікжай	23,10
83	Клюев Геннадий Константинович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №507 көлікжай	24,00
84	Черников Дмитрий Викторович, Черникова Вера Константиновна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №509 көлікжай	22,30
85	Сафонов Павел Михайлович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №510 көлікжай	20,20
86	Белашапо Светлана Григорьевна	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №518 көлікжай	19,70
87	Дягилев Сергей Иванович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №532 көлікжай	21,70
88	Маслова Валентина Михайловна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №552 көлікжай	21,80
89	Блохин Василий Иосифович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №555 көлікжай	24,90
90	Сухорукوف Артём Андреевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №557 көлікжай	28,50
91	Дик Александр Владимирович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №558 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0043
92	Аитов Алимжан Адиллович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №559 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0043
93	Ковалев Валерий Иванович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №565 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0047
94	Иваненко Алексей Валерьевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №567 көлікжай	31,50
95	Аубекеров Жуматай Катепович	20-317-011-057	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №571 көлікжай	20,30
96	Шапочкин Валерий Иванович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №579 көлікжай	21,70
97	Шинганов Рустам Махамбетович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №582 көлікжай	20,30
98	Сидоренко Валентина Корниловна	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №588 көлікжай	26,80
99	Понамарев Александр Алексеевич	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №590 көлікжай	22,60
100	Каленок Владимир Иванович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №603 көлікжай	31,80
101	Бычков Александр Петрович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №604 көлікжай	жалпы 2,2694 үлесі 0,0058
102	Анисимов Антон Александрович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №563 көлікжай	22,90
103	Бекеев Жанайдар Мухтарович	20-317-000-000	Түркісіб ауданы, Закарпатская көшесі, 1/5, №478 көлікжай	20,50

Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-408 қаулысы**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім бөлімі бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің 2024 жылғы 12 ақпандағы №42.1-42/221-и хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы білім беретін мектепке қосымша құрылыс салу үшін, Эльмира Мақсұтановна Ақтанованың, Асылбек Жасұланович Қанатбаевтың Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Айнабулақ» шағынауданы, 65/2 мекенжайы бойынша орналасқан кадастрлық нөмірі 20-314-022-312, жалпы ауданы 0,3940 га жер учаскесінен ауданы 0,3197 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаске бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмала ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесі бөлігінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесі бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталуы туралы ақпаратты мемлекеттік мекемесінің бөлігін «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Д.САТЫБАЛДЫ**Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-409 қаулысы**Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Қалалық автомобильдік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 қыркүйектегі №34.1-34.03/2550-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жол құрылысы үшін, Алматы қаласы Түркісіб ауданының «Қайрат» шағынауданында орналасқан 39 (отыз тоғыз) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмала ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Алматы қаласының әкімі** **Д.САТЫБАЛДЫ**Алматы қаласы әкімдігінің  
2026 жылғы 30 наурыздағы №1/1-409 қаулысына қосымша**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі**

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Бадалов Садри Бек-Задеевич	20:317:107:1315	«Қайрат» шағынауданы, 6 учаске	жалпы - 0,0441 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0062
2	Бадалов Садри Бек-Задеевич	20:317:107:1316	«Қайрат» шағынауданы, Түркістан көшесі, 69	жалпы-0,0967 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0082
3	Оразақынов Талгат Мырзанович	20:317:107:939	«Қайрат» шағынауданы, Түркістан көшесі, 3 учаске	жалпы-0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0013
4	Орымбаева Алия Артықбаевна	20:317:107:986	«Қайрат» шағынауданы, Алғабас көшесі, 2/31 учаске	0,0700
5	Товарищество с ограниченной ответственностью «Строительная компания «Azimut»	20:317:107:1380	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 189 учаске	жалпы-1,8437 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0642
6	Товарищество с ограниченной ответственностью «PARASAT II»	20:317:107:1266	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 189/3 учаске	жалпы-0,1889 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0783
7	Калибекова Карлыгаш Абдурайымовна, Парманов Нурлыбек Нуралыевич	20:317:107:484	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 43	жалпы-0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0047
8	Камал Садрдин	20:317:107:1067	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 154/3 учаске	жалпы-0,6339 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0207
9	Товарищество с ограниченной ответственностью «А-строі»	20:317:107:1213	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 183/2 учаске	жалпы-0,1162 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0415
10	Товарищество с ограниченной ответственностью «А-строі»	20:317:107:1214	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 183/1 учаске	жалпы-0,2398 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1476
11	Караев Тимур Нудишаевич	20:317:107:720	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 697 учаске	жалпы-1,5100 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0630
12	Нуркина Светлана Геннадьевна	20:317:107:1387	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 154 учаске	жалпы-0,0867 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0093
13	Рахимжанова Назима Галымовна	20:317:107:621	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 13/2	жалпы-3,2600 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0037
14	Сүлейманова Мемангуль Парманжановна	20:317:107:905	«Қайрат» шағынауданы, Дәулеткерей көшесі, 158	жалпы-0,0772 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0010
15	Тлеубай Ерболат Қанатұлы	20:317:104:633	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі 107 учаске	жалпы-3,6440 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,3790
16	Товарищество с ограниченной ответственностью «Bright Development»	20:317:104:1233	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі 106 учаске	жалпы- 2,6778 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0044
17	Товарищество с ограниченной ответственностью «Bright Development»	20:317:104:1232	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі 106 учаске	жалпы- 0,5822 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0038
18	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:018	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 1 учаске	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0238
19	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:021	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 2 учаске	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0385

20	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:027	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 29 учаске	жалпы-0,0930 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0113
21	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:1215	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 36/2 учаске	жалпы-0,5165 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0225
22	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:015	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 36 учаске	жалпы-0,0925 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0050
23	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:1214	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 36/1 учаске	0,0340
24	Бациева Шумайсат Хайбуллаевна Хазаева Разида Сайдахметовна	20:317:104:029	«Қайрат» шағынауданы, 19 көшесі, 38 учаске	0,0340
25	Коммунальное государственное учреждение «Управление строительства города Алматы»	20:317:101:063	«Жас қанат» шағынауданы	жалпы-1,5132 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0110
26	Коммунальное государственное учреждение «Управление строительства города Алматы»	20:317:104:1058	«Жас қанат» шағынауданы	жалпы-0,5052 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0115
27	Осипова Светлана Васильевна	20:317:104:1218	«Қайрат» шағынауданы, 23 көшесі, 2	жалпы-0,3313 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0385
28	Чернышёв Александр Игоревич, Чернышёва Карина Александровна	20:317:104:1223	«Қайрат» шағынауданы, 23 көшесі, 2/1 учаске	0,0187
29	Товарищество с ограниченной ответственностью «GLOBAL REALTY SERVICE»	20:317:107:1096	«Қайрат» шағынауданы, Жаяу Мұса көшесі, 156	жалпы-0,5916 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0866
30	Алиева Света Болатовна, Кусайынов Бакытжан Жумаханович	20:317:105:561	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 54/2 учаске	0,0220
31	Жумадиллов Бахыт Абдиқадирович, Макаева Гульнара Коптлеуовна	20:317:105:567	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 54/2	жалпы-0,0780 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0028
32	Амиргалиева Гульзира Сабитовна, Токтарбайұлы Рысдаулет, Қиясұлы Жасұлан, Әлтай Данәгул Нұрмұхамбетқызы	20:317:105:570	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 36 учаске	жалпы-0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0036
33	Цакаев Шамхан Рамзанович	20:317:105:320	«Қайрат» шағынауданы, Тараз көшесі, 34 учаске	жалпы-0,01300 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0144
34	Товарищество с ограниченной ответственностью «Almaty Engineering Solution»	20:317:107:1362	«Қайрат» шағынауданы, 186/5 учаске	жалпы-0,1451 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0051
35	Товарищество с ограниченной ответственностью «Almaty Engineering Solution»	20:317:107:1361	«Қайрат» шағынауданы, 186 учаске	жалпы-1,8147 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0020
36	Касанов Исмихан Зиятдинович	20:317:107:1410	«Қайрат» шағынауданы, 187 А учаске	жалпы-0,7968 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1223
37	Касанов Исмихан Зиятдинович	20:317:107:1409	«Қайрат» шағынауданы, 187 А учаске	жалпы-0,2188 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0047
38	Умбетова Куралай Маратовна	20:317:107:346	«Қайрат» шағынауданы, 620 учаске	жалпы-0,9750 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1523
39	Коммунальное государственное учреждение «Управление строительства города Алматы»	20:317:104:1047	Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооперативі, 106 учаске	жалпы-1,89032 иеліктен шығарылатын ауданы - 2,9975

**Алматы қаласы Әуезов ауданында «Қауіпсіз үй» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды**

Алматы қаласы Әуезов ауданы Полиция басқармасы ағымдағы жылдың 26–29 наурыз аралығында аудан аумағында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін азайтуға және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталған «Қауіпсіз үй» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілгенін хабарлайды.

Іс-шара барысында полиция қызметкерлері профилактикалық және жедел шаралардың кешенін жүзеге асырды. Халық арасында зорлық-зомбылықтың жол берілмейтіндігі, құқыққа қарсы әрекеттер үшін жауапкершілік, сондай-ақ құқықтық және әлеуметтік көмек алу мүмкіндіктері туралы кең көлемде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Пәтерлерді аралау, тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылып, профилактикалық есепте тұрған отбасыларға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға бейім тұлғалар тексеріліп, олармен профилактикалық әңгімелер өткізілді. Әйелдерге, балаларға және әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтауға баса мән берілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға уақытылы көмек көрсету.

Полиция азаматтарға кез келген агрессия, қорқыту, қудалау және өзге де құқыққа қарсы әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкелетінін ескертеді. Өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда азаматтар дереу құқық қорғау органдарына жүгінуі қажет.

Осындай іс-шараларды өткізу қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтуға және зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға ықпал етеді. Тек бірлескен күш-жігер арқылы әрбір отбасында тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады.

Әріптестері мен достары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті, Ақпараттық жұмыс және мониторинг секторының басшысы Баяндина Гүл Құттыбекқызына ұлы

**Баяндин Хакназар АЛТЫНБЕКҰЛЫНЫҢ**

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ****Қабылдау бөлмесі:**  
тел.: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.Бас редактор – **Есхат БОЖАН**  
тел.: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел.: 293-52-36.Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел.: 293-52-43.Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**  
тел.: 293-52-36.Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 293-08-12. E-mail:  
**rekalatauqparat@gmail.com**Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
**rekalatauqparat@gmail.com**  
тел.: 293-08-25

8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ****ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...****«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:**  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19-20**  
**телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
**alatauqparat@gmail.com**  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.**  
**Нөмірдің таралымы – 10 252 дана (сейсенбі)****Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № КЗ17VPY00085956 күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына рәқияция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**



**Қаладағы Орталық спорт клубының базасында Қазақстан Республикасы күштік құрылымдарының өкілдері арасында қазақ күресі мен самбодан ашық чемпионат өтті.**

Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## ЖАУЫРЫНЫ ЖЕРГЕ ТИМЕГЕН ЖАУЫНГЕРЛЕР

Досбол  
АТАЖАН



Жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов, ҚР Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының бірінші орынбасары Руслан Жақсылықов, Парламент депутаттары, Әскери-қолданбалы спорт түрлері федерациясының президенті Болат Байжан және Қазақ күресі федерациясының тұңғыш президенті Ерғали Мұхадинов қатысты.

– Бұл турнир өңірлік қолбасшылықтар мен әскер түрлеріндегі іріктеуден өткен ең үздік балуандардың басын қосты. Жалпы алғанда, алдын ала кезеңдерге үш мыңнан астам спортшы қатысты. Өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылған бұл чемпионат биыл маңызды дәстүрге айналып отыр. Бұл – еліміздің күш құрылымдары арасында ұлттық спорт пен самбоды дамыту жолындағы маңызды қадам. Мұндай жарыстар әскери қызметші-

лердің кәсіби шеберлігін шыңдап, отансүйгіштік сезімі мен өзара жолдастық қарым-қатынасты нығайтады, – деді Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов.

Жарыста 24 командадан 200-ден астам жауынгер бақ сынады. Олардың қатарында Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Ұлттық ұланның, Мемлекеттік күзет қызметінің, Шекара қызметінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдері бар.

Ашық чемпионат күш құрылымдары арасындағы іс-қимыл бірлігін нығайтуға, ұлттық спорт түрлерін дәріптеуге және Қазақстанның спорттық дәстүрлерін дамытуға арналған маңызды алаңға айналды. Спортшылар қазақ күрестен 55 келіге дейін, 60 кг, 66 кг, 74 кг, 82 кг, 90 кг, 100 кг және 100 келіден жоғары салмақтарда, самбодан 58 келіге дейін, 64 кг, 71 кг, 79 кг, 88 кг, 98 кг және 98 келіден жоғары салмақтар сынға түсті. Жарыс қорытындысы бойынша командалық

есепте қазақ күресінен бірінші орынды Ішкі істер министрлігінің командасы иеленді. Екінші сатыға Қорғаныс министрлігінің Орталық спорт клубын жайғасса, үшінші орын Қорғаныс министрлігінің Десанттық-шабуылдау әскерлеріне бұйырды. Ал самбо бойынша командалық есепте Қорғаныс министрлігінің Орталық спорт клубы бірінші болды. Екінші орында Ішкі істер министрлігінің командасы тұрақтады. Самбодан үздік үштікті Қорғаныс министрлігінің 32039 әскери бөлімі түйіндеді.

Турнир қорытындысы бойынша Қазақстанның күш құрылымдарынан жасақталған команда құрылды. Олар Халықаралық әскери спорт кеңесінің (CISM) аясында өтетін әлемдік додаларда ел намысын қорғайды. Атап айтқанда, әскери қызметшілер арасындағы самбодан әлем чемпионаты (Мәскеу, 13–18 тамыз) және CISM аясында әскери қызметшілер арасындағы қазақ күресінен әлем чемпионаты.

**Жерлесіміз Түркияда өткен халықаралық турнирде жүлдегер атанды.**

## ТҮРКИЯДА ТОП ЖАРДЫ

Анталия қаласында (Түркия) G-2 санатындағы Turkiye Open халықаралық турнирі өтті. Дүбірлі додаға әлемнің 21 елінен 175 үздік спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша алматылық спортшы Камиля Досмалова жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медаль жеңіп алды. Ол – пара таэквондодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Парижде өткен XVII жазғы Паралимпиада ойындарында бесінші орын иеленіп, халықаралық аренадағы жоғары деңгейін дәлелдеген болатын.

Алматы қаласы спорт басқармасы өкілдері Камиля Досмалова халықаралық сайыста жоғары шеберлік танытып, Алматы мен Қазақстанның абыройын лайықты түрде қорғағанын атап өтті.



## АЛМАТЫЛЫҚТАР АЛҒА ШЫҚТЫ



**Алматылық дзюдошылар Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңіске жетті.**

Қарағанды қаласында дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Ауқымды жарысқа еліміздің 17 облысы мен 3 қаласынан 863 спортшы қатысып, турнирдің жоғары бәсекелестік деңгейі мен республикалық маңызын айқындады. Жалпы, Алматы қаласының құрамында 34 спортшы өнер көрсетті, оның ішінде 18 ұл және 16 қыз бар.

Чемпионат қорытындысы бойынша Алматы қаласының құрамасы жоғары дайындығын көрсетіп, жалпы командалық есепте бірінші орын иеленді. Алматы қаласы Спорт басқармасы өкілдерінің айтуынша, алматылық спортшылар 7 медаль жеңіп алды: 3 алтын, 1 күміс және 3 қола. Атап айтқанда: Хамза Әуелбек (55 кг), Рания Оңласын (57 кг) және Ахмад Кенешбек (+73 кг) Қазақстан чемпионы атанды. Миарс Әмзе (73 кг) 2-орын, Аслан Нұрмаханбет (42 кг), Тілек Бекбосын (50 кг) және Диана Забейворотина (+63 кг) 3-орын иеленді.

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

### КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

